

## **Бөрлі ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы**

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімінің 2024 жылғы 28 наурыздағы № 3 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48–бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрі міндетін атқарушының 2023 жылғы 10 мамырдағы № 240 бұйрығына "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" қаулысына сәйкес ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып Бөрлі ауданы әкімінің орынбасары Муктар Серикович Нурмаков тағайындалсын.

3. Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімінің "Бөрлі ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" 2024 жылғы 8 ақпандағы №2 шешімі жойылсын.

4. Бөрлі ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік – құқықтық жұмысы бөлімі осы шешімнің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2024 жылғы 28 наурыздан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

*Аудан әкімі*

*Е.Ихсанов*